

Мукими атындағы N 13 ЖОББМ

БАЯНДАМА

**ТАҚЫРЫБЫ: «ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫНАН ҰБТ ЖҮЙЕСІНЕ
ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ТӘСІЛДЕРІ»**

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі: Байдуллаева Р.Т.

Шымкент -2024-2025 оқу жылы

Бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы маңызды. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады, яғни оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету. Демек, оқу сауаттылығы бүгінгі таңда заман талаптарына сай дайындық ретінде қарастырылады.

Біздің жаңа ақпараттық технологиялар дәуірінде кітаптың рөлі өзгерді, оқуға деген сүйіспеншілік күрт төмендеді. Балалар кітапты теледидарға, бейнепродукцияға, гаджеттерге алмастырды. "Бейне және компьютерлік өнімдерді кеңінен тарату оқуды және жазбаша мәтіндерді ығыстырды. Әрине, бұл оқу сапасына кері әсерін тигізеді. Осы бағыт бойынша мұғалім жұмысының маңызды бөлігі – оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамыту. Мұғалім оқушы өсіп келе жатқан ортада мәтінмен жұмыс істей білуін, қажетті ақпаратты іздеуін, жағдаятты қабылдау қабілеттілігін дамытып, өзінің пікірін жеткізе алуын, сонымен қатар ақыл-ойын жетілдіре отырып, барлық мектеп пәндерін игеруіне ықпал етеді [1; 14].

Сауаттылық – адамның одан арғы өмірінің дұрыс өрбуінің алғашқы іргетасы, адамның сыртқы ортамен жақсы қарым-қатынас жасау, тез бейімделу және сол ортада әрекет ете алу қабілеттілігі. Қазіргі сауаттылық баланың тек оқи, жаза алуымен шектелмейді. Керісінше, күнделікті өмірде еңбек әрекетіне араласу барысында кез-келген жағдайға бейімделе алуы, тануы, шешім қабылдауы. Яғни, кез-келген ортада алған білімін, мүмкіндігін көрсете алуы. Біз көп жағдайда функционалды сауатсыз екенімізді қиындықпен бетпе-бет келгенде ғана сезіп жатамыз.

Функционалдық сауаттылықтың түрлері:

- оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі);
- математикалық сауаттылық (математика, геометрия, логика);
- ғылыми жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география);

Оқу сауаттылығының **мақсаты:** оқуда, өмірде қажет болатын сыни ойлау қабілеттерін дамыту (кез келген жағдаятта дұрыс шешім таба алу, ақпаратпен жұмыс істей алу, құбылыстарды әртүрлі көзқарастардан қарастыра алу). Зияткерлік, рухани, адами тұрғысынан дамыған, әлемдегі әлеуметтік өмірге бейімдеу.

Оқу сауаттылығының

міндеттері: саналы түрде, дұрыс, мәнерлеп оқуға үйрету; мәтіндерден

кажетті, қызықты мәліметтерді таба алу; ақпараттың түрлі дерекөздерімен жұмыс істей алу; оқылған шығармаға баға беруге үйрету.

Оқу сауаттылығы ҰБТ жүйесінде де барлығына міндетті пән болуы оның маңыздылығын айқындай түседі. Осы тұста оқушыларды оқу сауаттылығынан ҰБТ-ге дайындаудағы өз тәжірибеммен бөлісетін болсам, біз ең алдымен келесі тақырыптарды қайталап, бекітеміз:

- 1.Мәтін тақырыбы
- 2.Мәтіннің негізгі ойы
- 3.Негізгі ойды түсіндіру
- 4.Мәтіннің ой желісі
- 5.Мәтін құрылымы
- 6.Мәтінді түсініп оқу
- 7.Мәтінді сын тұрғысынан оқу
- 8.Мәтіннің көріктеуіш құралдары, яғни троптың түрлері, сөздің тура және ауыспалы мағыналары
- 9.Оқу сауаттылығы тапсырмасында кездесетін сұрақтардың мазмұнын түсіндіру («сәйкес», «сай», «сай емес» «алшақ ой», «1-абзацтың 3-абзацқа қатысы», «сәйкес ақпарат», «тұжырымға сай», «мәтінге қатысы бар», «қатысы жоқ») [2; 46].
10. Жартылай дұрыс жауап
- 11.Ұзақ көлемді тапсырмалар мен сұрақтар
- 12.Мәтіннің түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау
13. Сөздің мағынасы (тура, ауыспалы; омоним, синоним, антоним)
- 14.50-60-100-тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер жаттау
- 15.Ауызекі сөйлеу стилі
- 16.Ресми ісқағаздар стилі
- 17.Көркем әдебиет стилі
- 18.Публицистикалық стиль
- 19.Ғылыми стиль

ҰБТ жүйесінде оқу сауаттылығы бойынша дайындық барысында өз тәжірибемде қолданатын тәсілдерім оқушылардың тест нәтижесіне оң әсерін беруде:

1. Оқушылардың есте сақтау қабілетін жақсарту үшін Ұлы Абайдың өсиетін үнемі қолданамын:

«Естіген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі - көкірегі байлаулы берік болмақ керек; екінші - сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші - сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші - ой кеселі нәрселерден қашық болу керек» [3; 36].
2. Сократ диалогы - оқу сауаттылығын дамыту үшін тиімді құрал. Ол оқушының критикалық ойлау, сұрақ қою, талдау, өз пікірін дәлелдеу және шешім қабылдау дағдыларын жетілдіруге көмектеседі. Сократ диалогтарын оқи отырып, сонымен бірге жалпы оқу мен жазу дағдыларын да жетілдіреді.
3. Мәтінге байланысты берілген сұрақтың тапсырмасынан бастау (алдымен сұрақтың тапсырмасын оқысаңыз,мәтінді оқып жатқанда автоматты түрде адамның миы оны түсінуге және шешуге бейімделіп оқитын болады). Осындай тапсырмалардың көпшілігін шығарманы оқудан бұрын беремін. Себебі, оқушы мәтінді немесе өлеңді оқымас бұрын нені іздеу керектігін біледі, кейбір оқушылардың мақсатсыз оқуынан арылуға болады және уақытты да тиімді пайдалануға әсері бар. Олай дейтінім, көп жағдайда оқушыларға мәтінді алдымен түсініп, іштей оқыңдар десек, олар мақсатсыз тек жүгіртіп немесе тіпті оқыған түр танытып, оқымай бос отыруы мүмкін. Ал, алдын-ала тапсырма беріліп, нені іздеу керектігіне мақсат қойып берсек, олар сол сұраққа жауап іздеп отырып оқуға дағдыланады, екінші жағынан уақытты ұтамыз, үшіншіден қажетті ақпаратты белгілеп оқуға қалыптасады. Біз тек сол тапсырмаларды жүйелі, тиімді, өз сәтінде қолдана алсақ, ештеңені алыстан іздеудің қажеті де жоқ [4; 71].
4. Жауаптарды аяғына дейін түсініп оқуға дағдыландыру (сабырлылыққа баулу, қатенің алдын алу).
5. Мәтіндегі жаңа жолдарды (абзац) анықтау, цифрлау, карандашпен не туралы екенін жазу (тірек сөздер). Мысалы, «Бұлбұл мен емен» мәтінімен жұмыста алдымен қарындашпен азатжолдарға бөліп, оларды нөмірледік, содан соң әр азатжолдағы тірек сөздерді дөңгелектедік. Осыдан соң оқушыларға оқиғаның желісі, тақырыпшалары түсінікті болып, берілген сұрақтарға дұрыс жауап беру мүмкіндігі жоғарылайды.

6. Мәтіннің тақырыбын, идеясын анықтау (тірек сөздер). Әдетте, мәтіннің негізгі ойы мен идеясын соңғы абзац немесе қорытынды бөлімі береді. Автор өз идеясын нақтылап, түйіндейтін сөздерді жиі осы бөлімде қолданады. Сондықтан оқушыларға мәтіннің соңғы бөліміне ерекше назар аударуын ескертемін. Сонымен қатар тірек сөздер мен фразаларға айрықша көңіл бөлулерін өтінемін.
7. Іздеу аймағын қысқарту – оқушылардың ең көп қолданатын тәсілі. Мұнда оқушы соңғы екі ұқсас жауаптан ең нақтырақ және толығырақ берілген нұсқасын таңдайды. Шатаспас үшін, тірек сөздері мен мәтіндегі нақты мәліметтерге сүйенеді.
8. Мәтінді көз алдына елестете отырып оқу (визуализация). Бұл - оқу сауаттылығын дамытудағы өте тиімді әдіс. Ол оқырманға мәтіннің мазмұнын тереңірек түсінуге, ақпаратты жақсырақ есте сақтауға және оқудан алатын әсерін арттыруға мүмкіндік береді.
9. Зейінді арттыру жолдарын қолдану (струп-тест, судоку, пазл). Струп-тест, судоку және пазл сияқты тапсырмаларды оқу сауаттылығын дамытуда қолдану оқу процесіне қызығушылықты арттырып, танымдық дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар:
 - Логикалық ойлауды дамытуға;
 - Мазмұнды дұрыс түсіну мен талдауға;
 - Ақпаратты үйлестіру және назарды бөліп-бөліп жұмыс істеуге көмектеседі. Оларды оқу барысында қолдану арқылы оқырманның мәтіндерді тереңірек түсіну, оларды анализдеу және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттері жақсарады [5; 23].
10. Мәтіннің реттілігін табудағы тәсіл (нұсқаларды іздеу аймағын қысқарту арқылы дұрыс жауапты табу).
11. ЖИ платформаларын қолдану. Жасанды интеллект оқу сауаттылығын дамытуда кең мүмкіндіктер ұсынады. Оны жеке оқыту, мәтінді талдау, көрнекі құралдарды қолдану, қателерді автоматты түрде түзету және персонализацияланған материалдар ұсыну сияқты көптеген тәсілдермен тиімді пайдалану оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге және білім алу процесін жеңілдетуге көмектеседі.

Жоғарыда айтылған әдіс-тәсілдерді ҰБТ жүйесінде қолдану нәтижелері соңғы екі жылды салыстырғанда, мектеп бітіруші түлектерінің көрсеткіштеріне оң әсері байқалады. Оқу сауаттылығынан орта көрсеткіш 10 баллдан 7,9-8 баллды құрап отыр.

Қорыта келе, оқушыларға ҰБТ жүйесінде жоғары көрсеткішке жету үшін сауаттылығын оқытуда жаңашыл және тиімді тәсілдерді қолдану маңызды. Жаңа әдістер мен технологиялар оқу процесін қызықты әрі тиімді етеді, әрі оқушылардың білімін терең меңгеруіне мүмкіндік береді. Мысалы, жасанды интеллект құралдарын пайдалану оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімделіп, мәтіндерді талдау, тапсырмаларды шешу және жазбаша жұмыстарды жетілдіруді жеңілдетеді. Адаптивті оқу жүйелері оқушылардың әлсіз тұстарын анықтап, нақты тапсырмалар ұсынып, олардың дамуын үздіксіз бақылайды. Сонымен қатар, қосымша жаттығулар, автоматты кері байланыс, визуализация құралдары мен онлайн платформалар оқу мотивациясын арттырып, оқу процесін қызықты әрі нәтижелі етеді. Бұл тәсілдер оқушылардың оқу сауаттылығын жақсартып, ҰБТ-ге сапалы дайындық жүргізуге мүмкіндік береді, нәтижесінде жоғары ұпайға қол жеткізуге септігін тигізеді.

1. Кудайбергенова К.С. Мектептегі іс-әрекетті зерттеу. Алматы.
2. Есембеков Б., Жұманазаров А. «Оқу сауаттылығы» Educon баспасы, Алматы 2020 ж.
3. Абай. Өлеңдер, поэмалар, аудармалар мен қара сөздер. - Алматы: Жібек жолы, 2005.- 488 б.
4. Оразахынова Н., Кенжебаева Г. М. - «Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары» ғылыми мақаласы, 2012. - Б. 42-47.
5. Жамалова І.К. Оқу сауаттылығын арттырудағы тиімді әдіс пен тәсілдер. «Білімді ел» порталы <https://bilimdinews.kz/?p=140192>